

1998 жылдың 15 тамыздағы N 03-1 ОД бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агентігі 1999 жыл 17 мамыр N 27-ОД

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Z980213_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы заңының 28 бабын басшылыққа ала отырып, бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің Төрағасы - Қазақстан Республикасының Министрінің 1998 жылдың 15-ші тамыздағы N 03-1 ОД бұйырығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылдың 5 қарашадағы 639 V980639_ нөмірмен тіркелген Табиғи монополия субъектілерінің тендерлік негізде материалдық және қаржылық ресурстарды, жабдықтарды және өндірістік қажеттері үшін қызметтерді сатып алуы ережелеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-ші тармақтың 4-ші азат жолы "қызметтер" деген сөзден кейін "және сақтандыру компанияларының қызметтері" сөздерімен толықтырылсын;

25 тармақ мынадай редакцияда берілсін:

"25. Отандық әлуетті жеткізушілер (мердігерлер) және тауар өндірушілер, оның ішінде кіші кәсіпкерліктің субъектілері де бар, конкурстық өтініштер бергенде басқалай бірдей жағдайларда өтініште аталғаннан тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) аз көлемін жеткізу туралы ұсыныстарын енгізуіне құқылы."

2. Табиғи монополияларды реттеу департаменті (Попандопуло Е.Н.) осы

бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдық-кадрлар бөлімі (Герасимова Е.Н.) осы бұйрықты аумақтық комитеттерге және Мемлекеттік тізімнің республикалық тарауына енгізілген табиғи монополия субъектілеріне жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Е.А. Пушкареваға жүктелсін.

Төраға

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК